**«Құндылықтарға бағытталған білім беру» бағытының «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ іске асыру мақсатында атқарылған жұмыстар**

«Бекітемін»
Әлихан Бөкейхан атындағы
№76 мектеп-лицей директоры
________ Б.Б.Сейдеш
«__»_____ 2023 жыл

**«Құндылыққа негізделген білім беру» жобасының**
**қыркүйек айына арналған іс-шара жоспары**

*Негізі: «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы негізінде құрылды.*

Мақсаты: Өскелең ұрпақ бойында сергек көңіл мен сергек дене құндылықтарын қалыптастыру.

Міндеттері:

1) іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізудің бірыңғай форматын әзірлеу;

2) іс-шараларды өткізудің бірыңғай форматы арқылы білім беру білім алушылар арасында ынтымақтастық орнату;

3) білім алушылар бойында сергек дене мен сергек көңіл құндылықтарының тиімділігін ұғындыра отырып, салауатты өмір салтын дамыту.

| р/с | Іс-шара тақырыбы | Сыныптар | Жауаптылар | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Көңілді күн» Әр сабақ сайын сергіту сәттерін ұйымдастыру | 1-сыныптар | Сынып жетекшілер | Әр сабақта |
| 2 | «Сергі, көңілім, сергі енді!» Әр пәнде оқушы көңілін сергіту жаттығуларын түрлендіріп ұйымдастыру | 2,4-сыныптар | Пән мұғалімдері | Әр пән сабақтарында |
| 3 | «Мен салауатты ел ұрпағымын» Бейімделу-ойын жаттығулары | 5-сыныптар | Педагог-психологтар Сынып жетекшілер | Тәрбие сағаттарында |
| 4 | «Табиғат аясындағы саяхат» Tik-Tok түсіру | 6-сыныптар | Сынып жетекшілер, сынып белсенділері | Сыныптан тыс іс-шара |
| 5 | «Көңілдіге күн ашық» ART-терапия | 7-сыныптар | Fab Lab шеберханасын үйлестірушілер, сынып жетекшілер | Көркем еңбек пәнінде, сыныптан тыс іс-шара |
| 6 | «Спорт және Мен» Relax жасау Бейнеролик – жарнама. | 8,9-сыныптар | Сынып жетекшілер, дене шынықтыру пәні мұғалімдері | Тәрбие сағаты, сыныптан тыс іс-шара |
| 7 | «Күзгі саябақ» Teambuilding | 10,11-сыныптар | Жетекшілер, ата-аналар | Сыныптан тыс іс-шара |

## «Құндылықтарға бағытталған білім беру» бағытының «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ іске асыру мақсатында атқарылған жұмыстар

«Бекітемін»
Әлихан Бөкейхан атындағы
№76 мектеп-лицей директоры
__________ Б.Б.Сейдеш
«29» 09 2023 жыл

**«Құндылыққа негізделген білім беру» жобасы аясында мектепішілік «Патриотизм» бағытындағы қазан айына арналған іс-шара жоспары**

*Негізі: «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы*

**Мақсаты:**

білім алушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету.

**Міндеттері:**

- білім беру ұйымдарының барлық білім алушыларының ел әнұранының мәтінін жатқа айту;
- еліміздің мемлекеттік рәміздеріне деген құрмет сезімін қалыптастыруға ықпал ету;
- білім алушылардың бірлігі арқылы өз Отаны үшін қадір-қасиет сезімін қалыптастыру.
-

| р/с | Іс-шара тақырыбы | Сыныптар | Жауаптылар | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **«Менің елім..»** Дүйсенбі күні бірінші сабақ сайын әнұран айтудан бастауды ұйымдастыру | 1-11-сыныптар | Сынып жетекшілер | Дүйсенбі |
| 2 | **«Көк тудың желбірегені»** Әр үлкен қоңырауда АКТ залда, патриоттық әнге оқушылармен караоке ұйымдастыру | 2-4- сыныптар | Сынып жетекшілер, педагог ұйымдастырушылар | Әр үлкен қоңырауда |
| 3 | **«Еліміздің көрікті жерлерін тап»** ойын, әңгіме | 5-сыныптар | Педагог-психологтар Сынып жетекшілер | Тәрбие сағаттарында |
| 4 | **«Менің туған өлкем»** қолөнер бұйымдарының көрмесі | 6-сыныптар | Сынып жетекшілер, сынып белсенділері | Сыныптан тыс іс-шара |
| 5 | **«Мен де сен оқыған кітапты оқыдым...»** әңгіме оқу | 7-сыныптар | Сынып жетекшілер | Сыныптан тыс іс-шара |
| 6 | **«Сыр сұхбат»** жергілікті мекенде аты танымал, өз аймағына еңбегі сіңген тұлғаны қонаққа шақырып, сұрақтар қою арқылы сұхбат жүргізеді | 8- сыныптар | Сынып жетекшілер | Тәрбие сағаты, сыныптан тыс іс-шара |
| 7 | **«Патриот адам бейнесі»** немесе **«Патриот адам деген кім?»** тренинг | 11-сыныптар | Сынып жетекшілер, психологтар | Сыныптан тыс іс-шара |

## «Құндылықтарға бағытталған білім беру» бағытының «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ іске асыру мақсатында атқарылған жұмыстар

### «Құндылыққа негізделген білім беру» жобасы аясында мектепішілік «Патриотизм» бағытындағы қазан айына арналған іс-шара жоспарының өткізілгені бойынша ақпарат

**Негізі: «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы**

**Мақсаты:**

білім алушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету.

**Міндеттері:**

- білім беру ұйымдарының барлық білім алушыларының ел әнұранының мәтінін жатқа айту;
- еліміздің мемлекеттік рәміздеріне деген құрмет сезімін қалыптастыруға ықпал ету;
- білім алушылардың бірлігі арқылы өз Отаны үшін қадір-қасиет сезімін қалыптастыру.

| р/с | Іс-шара тақырыбы | Сыныптар | Жауаптылар | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **«Менің елім..»** Дүйсенбі, күні бірінші сабақ сайын әнұран айтудан бастауды ұйымдастыру | 1-11-сыныптар | Сынып жетекшілер | Дүйсенбі |
| 2 | **«Көк тудың желбірегені»** Әр үлкен қоңырауда АКТ залда, патриоттық әнге оқушылармен караоке ұйымдастыру | 2-4-сыныптар | Сынып жетекшілер, педагог ұйымдастырушылар | Әр үлкен қоңырауда |
| 3 | **«Еліміздің көрікті жерлерін тап»** ойын, әңгіме | 5-сыныптар | Педагог-психологтар Сынып жетекшілер | Тәрбие сағаттарында |
| 4 | **«Менің туған өлкем»** қолөнер бұйымдарының көрмесі | 6-сыныптар | Сынып жетекшілер, сынып белсенділері | Сыныптан тыс іс-шара |
| 5 | **«Мен де сен оқыған кітапты оқыдым...»** әңгіме оқу | 7-сыныптар | Сынып жетекшілер | Сыныптан тыс іс-шара |
| 6 | **«Сыр сұхбат»** жергілікті мекенде аты танымал, өз аймағына еңбегі сіңген тұлғаны қонаққа шақырып, сұрақтар қою арқылы сұхбат жүргізеді | 8-сыныптар | Сынып жетекшілер | Тәрбие сағаты, сыныптан тыс іс-шара |
| 7 | **«Патриот адам бейнесі»** немесе **«Патриот адам деген кім?»** тренинг | 11-сыныптар | Сынып жетекшілер, психологтар | Сыныптан тыс іс-шара |

Жоспар бойынша алғашқы жұмыс Ата-аналар, оқушылар мен мекептің кіші қызметкерлері, асхана қызметкерлерін «ПАТРИОТИЗМ» айы екендігі туралы үндеу хат арқылы құлағдар етілді. Бұл іс- шара жауапты тұлғалардың: Аида Мұратқызы мен Ұлжан Масатқызының ұйымидастыруымен жүзеге асырылды. Үндеухатты дайындап, арнайы жарнама тақтасына ілді.



## «Құндылықтарға бағытталған білім беру» бағытының «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ іске асыру мақсатында атқарылған жұмыстар

1- 11- сыныптар арасында **«Менің елім..»** әр дүйсенбі, күні бірінші сабақ сайын әнұран айтудан басталып отырды және осы жоспар әрі қарай да басқа айларда жалғасын табады.






25-қазан Республика күніне арналған «Әнұран айту» челленджі өтті.
Әнұран – мемлекеттің ең маңызды рәміздерінің бірі. Әнұранның Ұлттық ерекше аспектісі бар. Әнұран арқылы қазақ даласы әрбір қазақстандықтың өсуі мен қалыптасуының қасиетті бесігі ретінде жырланады.
Әнұран маңызды дыбыстық рәміз ретінде әрекет ете отырып, әрбір қазақстандықтың өз еліне, жеріне, халқына деген мақтаныш сезімін ояту мақсатында әнұранды орындай отырып, адамның рухани жағдайы мен өз еліне мақтаныш сезімі асқақтайды.
Әнұранды орындау – ең алдымен, қазақстандық патриотизмді, азаматтықты қалыптастырады және әрқайсымыздың жеке басымызды дамыту мен қалыптастырудың басым бағыттарының бірі. Шынында да, мемлекеттік рәміздің әр элементінде терең мағына бар. Барлық білім беру ұйымдарында білім алушылар сөздерді жақсы білуі және Әнұранды айта білуі қажет.
Мақсаты:
білім алушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету.
Міндеттері:
- білім беру ұйымдарының барлық білім алушыларының ел әнұранының мәтінін жатқа айту;
- еліміздің мемлекеттік рәміздеріне деген құрмет сезімін қалыптастыруға ықпал ету;
- білім алушылардың бірлігі арқылы өз Отаны үшін қадір-қасиет сезімін қалыптастыру.
«Әнұран айту» челленджіне 1-11 сынып оқушылар түгел қатысты. Челлендж жоғарғы деңгейде өтті.
https://www.instagram.com/reel/Cyu6fFurP9T/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

2-4- сыныптар арасында **«Көк тудың желбірегені»** әр үлкен қоңырауда АКТ залда, интербелсенді тақтасы бар оқу кабинеттерінде патриоттық әнге оқушылармен караоке ұйымдастырылды.
https://www.instagram.com/p/CyvaiYHMUnP/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==

**«Құндылықтарға бағытталған білім беру» бағытының «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ іске асыру мақсатында атқарылған жұмыстар**











**«Мен де сен оқыған кітапты оқыдым...»** жоспарды басшылыққа ала отырып 20.10.2013 жылы мектеп көшбасшыларының ұйымдастыруымен 7- сыныптар арасында Республика күніне арналған «Мәңгілік ел: кеше, бүгін, ертең» атты интелектуалды бәйге өтті. Жеңімпаз оқушыларға сыйлықтар таратылды.
https://www.instagram.com/p/CytLXsxLjd3/?igshid=MzRlODBiNWFlZA==

21.10.23 жылы «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы мен «ZERDELI- LIDER» білім беру орталығының ұйымдастыруымен 5-6- сыныптар арасында «JAS ERUDIT» аудандық кезеңі өткізілді. 5- сыныптардан 2 оқушы, 6- сыныптан 1 оқушы жеңіс тұғырынан көрініп, марапатталды.
https://www.instagram.com/p/CyqtoTfMBJi/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

17.10.2023ж. күні "Құндылықтарға бағытталған білім беру" бағытындағы сергіту сәті бөлімі бойынша 11 "В" сыныптың ұйымдастыруымен 2-сабақтан кейінгі 10 минуттық үзілісте 8-9 сыныптарға , 3-сабақтан кейінгі 10 минуттық үзілісте 10-11 сыныптарға негізгі пәндерден І тоқсандық БЖБ, ТЖБ тапсыру алдында "Just dance" ұйымдастырылды. Еркін форматтағы сергіту сәтіне оқушылар қызыға қатысып, апта соңына қарай тағы ұйымдастырылуын қалады. 10 минуттық дене қозғалысы оқушыларға зор күш, мотивация

# «Құндылықтарға бағытталған білім беру» бағытының «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ іске асыру мақсатында атқарылған жұмыстар

берілетіні
байқалды. https://www.instagram.com/reel/Cyi8ZvbLIMu/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==
«Құндылыққа негізделген білім беру» жобасы аясында мектепішілік «Патриотизм» бағытындағы қазан айына арналған іс-шара жоспары бойынша 2.10.2023ж. күні Әлихан мұрагерлері, яғни 11 сынып оқушылары Міржақып Дулатовтың "Оян, Қазақ" фильмін үлкен экраннан көріп келді. Қазақ тарихындағы орны толмас, қайталанбас белгілі тұлғалардың жасаған ерліктерін, Еліне деген махаббаттарын, сүйіспеншіліктерін, қиын-қыстау заманның қалай болғанын, қандай шешімдер шығарғанын, ақ пен қараның көрінісін өз көздерімен таңдана да тамсана 140 минут бойы тапжылмастай қарап шықты. Тарихымызда болып өткен түрлі жағдайларға көңілдері босап, көздеріне жас алып, жүректері елжіреп, эмоцияның түр-түрін сезініп қайтқан болатын. Рухты көтеретін осындай фильм арқылы, оқушылар бойына ерік-жігер, күш-қайрат, намыс, адалдық сияқты нағыз патриоттықты сезіндіруге болады. Сол себептен, осындай тарих пен тұлғаларды қамтитын керемет туындыларымыз көптеп көрсетіле берсе екен деген пікірлерін білдірді.
**https://www.instagram.com/p/CyVhim0rEZf/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==**




Қазан айына жоспарланған іс –шаралар уақытында өтіп отырды. Жауапкершілікті сезініп, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде өз үлесін қосып, белсенділік танытқан ұстаздарға алғыс айта отырып, шығармашылық табыс тілеймін!

Жауапты:бастауыш сынып мұғалімі, Абдирова Ләззат Амановна

# «Құндылықтарға бағытталған білім беру» бағытының «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ іске асыру мақсатында атқарылған жұмыстар

«Бекітемін»
Әлихан Бөкейхан атындағы
№76 мектеп-лицей директоры
_________ Б.Б.Сейдеш
«2» ___11___ 2023 жыл

**«Құндылыққа негізделген білім беру» жобасы аясында мектепішілік «Табандылық, батырлық, ынтымақтастық» бағытындағы қараша айына арналған іс-шаралар жоспары**

**Негізі: «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы**

**Мақсаты:**
Мұғалім, оқушылар мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық, достық, табандылық пен батырлықты кеңінен насихаттау.

| р/с | Іс-шара тақырыбы | Сыныптар | Жауаптылар | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **«Жәрмеңке-2023»** Жақсылыққа қайырымдылықпен, мейірімділікке ізгілікпен, достыққа адалдықпен жауап беруге шақыру | 5-7 сыныптар | Сынып жетекшілер, Жаукумова А.Р. | 08.11.2023ж сағ.13:00-14:00 |
| | | 8-11 сыныптар | Сынып жетекшілер, Шаяхметова К.И. | 10.11.2023ж сағ.13:00-14:00 |
| 2 | **«Ынтымақтастық - достық кепілі»** Ата-анамен бірлескен көгалдандыру жұмысын ұйымдастыру | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер, Коланов М. | 18.11.2023ж |
| 3 | **«Болашақ батыр бейнесі»** сурет көрмесін ұйымдастыру | 1-4 сыныптар | Сынып жетекшілер, Абдирова Л.А. | 20.11.2023ж - 24.11.2023ж |
| 4 | **«АСЫҚ АТУ»** челленджі | 5-сыныптар | Сынып жетекшілер, Садакбаева А.К. | Сыныптан тыс іс-шара |
| 5 | **«Табандылық – батылдық қалқаны»** КВЕСТ ойыны | 6- сыныптар | Сынып жетекшілер, Әшім Ұ.М. | Сыныптан тыс іс-шара |
| 6 | **«Сыр сұхбат»** жергілікті мекенде аты танымал, өз аймағына еңбегі сіңген тұлғаны қонаққа шақырып, сұрақтар қою арқылы сұхбат жүргізу | 7- сыныптар | Сынып жетекшілер, Ләзатова А.М. | Тәрбие сағаты, сыныптан тыс іс-шара |
| 7 | **«Достық дегеніміз не?» тренинг** | 8-сыныптар | Сынып жетекшілер, Жаңабергенова Г.А. | Сыныптан тыс іс-шара |
| 8 | **«Батырлардың ізімен»** Жас сарбаздардың салтанатты түрдегі ант қабылдау рәсімі. | 10-сыныптар | Сынып жетекшілер, Смагулов М.Т., | 16.11.2023ж сағ.12:00 Акт залы Әскери-патриоттық іс-шара |

**«Құндылықтарға бағытталған білім беру» бағытының «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ іске асыру мақсатында атқарылған жұмыстар**

**«Жәрмеңке-2023»**





Жақсылыққа қайырымдылықпен, мейірімділікке ізгілікпен, достыққа адалдықпен жауап беруге шақыру мақсатында 08.11.2023ж күні 5-7 сыныптар арасында, 10.11.2023ж күні 8-11 сыныптар арасында жәрмеңке өткізілді. Жәрмеңке барысында оқушылар бір-біріне деген мейірімділіктерін, адалдықтарын, кішіпейілділіктерін көрсете білді.

**«Құндылықтарға бағытталған білім беру» бағытының «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ іске асыру мақсатында атқарылған жұмыстар**





**«АСЫҚ АТУ»** челленджі

Челлендж мақсаты - білім алушылардың рухани адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, төл ойындарын дәріптеу.

Білім алушылардың рухани- адамгершілік мәдениетін және елдің мәдени мұрасын сақтауға ұлттық ойындарды насихаттауға бағытталған челедж шеңберінде оқушылар «Бес табан» және «Асық ату» ойындары туралы құнды мәліметтер алды. Челленджге 5-8 сынып оқушылары қамтылды жалпы 65 оқушы қатысты.

Ұлттық ойындарының бірі - асық ойыны баланың ой өрісін және көкжиегін кеңейтеді, мінезін төзімділікке, қосғалысын дәлдіккеептейді, көздің көру қабілетін арттырады. Сондықтан мектепте ұлттық ойын түрлерін жаңғырту және насихаттау үшін оқушыларды асық ойынына баулу басты құндылықтардың бірі болып табылмақ.

**«Құндылықтарға бағытталған білім беру» бағытының «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ іске асыру мақсатында атқарылған жұмыстар**



**«Құндылықтарға бағытталған білім беру» бағытының «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ іске асыру мақсатында атқарылған жұмыстар**







**«Құндылықтарға бағытталған білім беру» бағытының «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ іске асыру мақсатында атқарылған жұмыстар**











Сонымен қатар сыныптарда да асық ату ойындары ойнатылды. **Сонымен қатар, «Табандылық – батылдық қалқаны»** КВЕСТ ойыны, **«Достық дегеніміз не?» тақырыбында оқушылармен тренинг, «Болашақ батыр бейнесі»** сурет көрмесі ұйымдастырылды,

**«Құндылықтарға бағытталған білім беру» бағытының «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ іске асыру мақсатында атқарылған жұмыстар**

**«Батырлардың ізімен»** жас сарбаздардың салтанатты түрдегі ант қабылдау рәсімі өтті.

«Бекітемін»
Әлихан Бөкейхан атындағы
№76 мектеп-лицей директоры
________ Б.Б.Сейдеш
«__»________2023 жыл

**«Құндылыққа негізделген білім беру» жобасы аясында мектепішілік «ЖАУАПКЕРШІЛІК» бағытындағы желтоқсан айына арналған іс-шаралар жоспары**

**Негізі: «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы**

**Мақсаты:**

Өз ісіне жауапкершілік алып, қоршаған орта мен қоғам алдындағы азаматтыз міндетін дұрыс атқаруға тәрбиелеу

| р/с | Іс-шара тақырыбы | Сыныптар | Жауаптылар | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | ЖАУАПКЕРШІЛІК БІЗГЕ НЕ БЕРЕДІ? | таныстырылым | Қонақбай Д.Т. | 04.12.2023ж. |
| 2 | Менің бұрышым | 10-сынып | Әшім Ұ.М. | 05.12.2023ж. |
| 3 | «Біз әділ ұрпақпыз!» (сурет көрмесі) | 5-сынып | Садакбаева А.К. | 07.12.2023ж. |
| 4 | Esil Talks «Сана парасаттылығы-адал ұрпақ» | 6-сынып | Ләзатова А.М. | 13.12.2023ж. |
| 5 | Шығарма жазу: болашаққа хат «Тәуелсіз Қазақстандағы менің жетістігім», «Менің болашағым», «Еліммен бірге болашаққа апарар жол» | 9, 10-сынып | Баяхметова Ш.О. | 11.12.2023ж. |
| 6 | «LESSON STUDY» теориядан тәжірибеге ізденіс | 2-4 сынып | Бастауыш сынып мұғалімдері | 13.12.2023ж. |
| 7 | Жауапкершілік бингосы | Ата-ана | Жаңаберген Г.А. | 12.12.2023ж. |
| 8 | «Жаса, елім!» патриоттық әндер шеруі | 6-сынып | Жаукумова А.Р. Тагыбаев Ж.Б. | 13.12.2023ж. |
| 9 | «Менің Қазақстаным!» патриоттық өлеңдерді мәнерлеп оқу | 7-сынып | Искаков М.Р. | 14.12.2023ж. |
| 10 | «Оян, қазақ!» фильмі бойынша талдау | 11-сынып | Сүгірова А.Ж. | 15.12.2023ж. |
| 11 | Әліппемен қоштасу | 1-сынып | 1-сынып жетекшілері | 22-25.12. 2023ж. |

**«Құндылықтарға бағытталған білім беру» бағытының «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ іске асыру мақсатында атқарылған жұмыстар**

**Әлихан Бөкейхан атындағы № 76 мектеп-лицей мектебінің 1-11 сынып оқушыларының желтоқсан айы жауапкершілік құндылық айлық жоспары туралы**

**Анықтама**

2023 жылдың 04-25 желтоқсан аралығындағы 1-11 сыныптарда жауапкершілік құндылықғына бағытталған іс-шаралар жүргізілді.

Мақсаты: Өз ісіне жауапкершілік алып, қоршаған орта мен қоғам алдындағы азаматтық міндетін дұрыс атқаруға тәрбиелеу.

Жауапты география пән мұғалімі А.Р. Жаукумова

Барлық жоспарланған іс –шаралар өткізілді. 05.12,08.12,11.12,12.12,13.12,14.12 күндер күні өткізілу керек іс-шаралар ауа-райының қолайсыздыңына байланысты үш іс-шара өтпеді, БЖБ,ТЖБ басталды, дегенмен қанағаттанарлықтай.

Ұсыныс :

1. Өтілмеген іс-шаралар келесі айда қайта қою / өтуі міндетті/
2. Әр іс-шараға жауапты мұғалім ақпаратты өтті, өтпеді себебі жайлы ғана беру
3. Құндылық айына жауапты мұғалімге ғана анықтама жазуды міндеттеу.

Жауапты мұғалімі: А.Жаукумова

Таныстырылым /Қонақбай Д.Т/

WhatsApp Video 2024-01-06 at 23.47.57 (1).mp4

**«Құндылықтарға бағытталған білім беру» бағытының «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ іске асыру мақсатында атқарылған жұмыстар**




Сурет көрмесі ұйымдастырылды /Садакбаева А.К./






«Жаса, елім!» патриоттық әндер шеруі/ Тағыбаев Ж.Б, Жаукумова А.Р/

**«Құндылықтарға бағытталған білім беру» бағытының «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ іске асыру мақсатында атқарылған жұмыстар**





«Оян, Қазақ!» фильмі бойынша талдау / Сүгірова А.Ж/

**«Құндылықтарға бағытталған білім беру» бағытының «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ іске асыру мақсатында атқарылған жұмыстар**






**«Құндылықтарға бағытталған білім беру» бағытының «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ іске асыру мақсатында атқарылған жұмыстар**

«Бекітемін»
Әлихан Бөкейхан атындағы
№76 мектеп-лицей директоры
_________ Б.Б.Сейдеш
«___»_________ 2024 жыл

**«Құндылыққа негізделген білім» жобасы**
**Қаңтар айындағы «Құрмет» құндылығы айлығының іс-шаралар жоспары**
*08.01.2024-31.01.2024 жыл*

**Мақсаты:** Оқушылардың бойында құрмет сезімін қалыптастыра отырып, туған елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін, тілі мен дәстүрін, тарихымыз бен ұрпаққа мирас болған ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңіріп, құрметпен қарауға тәрбиелеу.

| № | Тақырыбы | сыныптар | Жұмыс түрі | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Үлкеге құрмет, кішіге ізет» | 3- сыныптар | Сынып сағаттары | 15.01.2024-19.01.2024 | Сынып жетекшілер Мошқал Г. |
| 2 | «Ұранды ердің - ұрпағы қайсар» | 9-сыныптар | Сынып сағаты | 15.01.2024-19.01.2024 | Сынып жетекшілер Шаяхметова Қ.И. |
| 3 | «Математика - құндылықтың қайнар көзі» | 5-11 сыныптар | Онкүндік | 08.01.2024-12.01.2024 | Метематика бірлестігі Жанабергенова Г.А. Сугирова А.Ж |
| 4 | «Жүз бір жұмбақ, мың бір мақал» | 4-сыныптар | Зияткерлік ойын | 12.01.2024 | Бастауыш бірлестігі Абдирова Л.А. |
| 5 | «Қазақ әдебиеті туындыларындағы құрмет пен ізеттілік, рух пен намыс» | 7-8 сыныптар | Мәнерлеп оқу сайысы | 19.01.2024 | Қазақ тілі бірлестігі Искаков М.Р. Баяхметова Ш.О. |
| 6 | «Менің Отаным Қазақстан» | 5-6 сыныптар | Графикалық редакторда сурет салу | 08.01.24-31.01.24 | Информатика бірлестігі Садакбаева А.К. |
| 7 | «Әкеге-**құрмет**, Анаға-ізет» ұрпақ сабақтастығы | 5-сыныптар | Дөңгелек үстел | 11.01.2024 | Мектеп кітапханашысы |
| 8 | «Өзіңді және басқаларды құрметтеуді үйренеміз» | 6-сыныптар | Тренинг | 16.01.2024 | Мектеп психологы Саркина Ж. |
| 9 | «Туған жерлерге саяхат» Киелі Қазақстан!!! | 7-сыныптар | фотоконкурс | 08.01.24-31.01.24 | География бірлестігі Жаукумова А |
| 10 | «Жаныңда жүр жақсы адам» | 8-сыныптар | Қонақпен кездесу | 24.01.2024 | Химия-биология бірлестігі Қонақбай Д.Т |
| 11 | ###Love your country and respect it's traditions | 7-8 сыныптар | Видеоролик жариялау | 08.01.24-31.01.24 | Ағылшын тілі бірлестігі Ляззатова А.М. |
| 12 | «Бақытты сәт» | 9 сыныптар | Білім сайысы | 18.01.2024 | Физика бірлестігі Абдукамал А.А. |
| 13 | «Алдымен сүй ардақта ата анаңды» | 10 сынып | Дөңгелек үстел тренинг | 26.01.2024 | Орыс тілі бірлестігі Әшім Ұ. |
| 14 | «Азаттық таңын аңсаған Алаш арысы» | 5-11 | **Айлықтың жабылуы** | **29.01.2024** | **Тарих бірлестігі Исина М.С.** |

# «Құндылықтарға бағытталған білім беру» бағытының «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ іске асыру мақсатында атқарылған жұмыстар

**«Құндылыққа негізделген білім» жобасы аясында өткен қаңтар айындағы «Құрмет» құндылығы айлығының іс-шарасы туралы ақпар**

2023-2024 жылдың 08-ші қаңтардан 31-не дейін «Құрмет» айлығы өтті. Мектеп оқушылары бойларына құрмет сезімін қалыптастыра отырып, туған елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін, тілі мен дәстүрін, тарихымыз бен ұрпаққа мирас болған ұлттық құндылықтарымызды сіңіріп, құрметпен қарауға арналған іс-шаралар ұйымдастырылды.

- Қаңтардың 19 күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Хайрат А. Мен Ерболқызы Ж ұйымдастыруымен 7-8 сыныптар арасында «Қазақ әдебиеті туындыларындағы құрмет пен ізеттілік, рух пен намыс» тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы өтті. Оқушылардың бойына құрмет сезімін қалыптастыра отырып, туған елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін, тілі мен жәстүрін, тарихымыз бен ұрпаққа мирас болған ұлттық құндылықтарымызды сіңіріп, құрметпен қарауға тәрбиелеу мақсатынды ұйымдастырылды. Сайысқа 11 оқушы қатысты. Әділқазылар алқасының қорытындысы бойынша:
  - 3-орын:7 "З" сынып Бакилова Айсезім; 7 "Г" Кадирали Тоғжан; 8 "К" Жаңбырбаева Муслима
    8 "Е" Нұралы Гүлсезім; 8 "З Шекер Жасмин;
  - 2-орын:7 "Ж" Қайратқызы Жаңылай; 7 "Б" Мажранова Амина; 8 "Ә" Алтынбеков Бекжан 8 "Ж" Елеусін Мадина
  - 1-орын 7 "Ғ" Курилкан Нұрбек; 8 "Ғ" Қамшыбек Шәкен иеленді.

Оқушылар ой - өрісі, дүниетанымын кеңейтіп, сөздік қорлары молайып, бойларына құндылықтарды сіңіре білді.







- Әлихан Бөкейхан атындағы 76 мектеп-лицейдің KITAPLAND алаңында 5 В сынып оқушыларымен құндылыққа негізделген білімге байланысты "Құрмет" айын басшылыққа ала отырып, "Әкеге - құрмет, Анаға - ізет" тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті. Оқушылар әкеге құрмет, анаға ізет көрсететін тәрбиелік мәні бар өздерінің оқыған татулыққа, ұйымшылдыққа, бірлікке шақыратын ата өсиеті бар А. Байтұрсыновтың "Ата насихаты", үлкенді құрметтеуге шақыратын М. Дулатовтың "Күлмеңіздер кәріге" және аталардың, даналардың ақыл сөздері бар құндылыққа толы "Даналық дариясы" кітаптарын ортаға салды. " Қарт пен бала әңгімесі" бойынша көрініс көрсетіп, үйдің алтын қазығы кім? жоқты бар, ашты тоқ ететін кім? адамға ақыл беретін кім?деген сұрақтардың жауабын тауып, атамыз бата берді. Келесі бөлімде ата-анаға арналған мақал- мәтелдердің жалғасын тауып, өлең, тақпақтар орындады.Оқушылар Жаңаберген Сұңғат, Керімжан Абдуали, Құрмет Лаура, Аманжолова Малика, Ибрахимова Аяжан, Қойшыбай Айдана белсене қатысып, ролдерде келістіріп ойнады.





**«Құндылықтарға бағытталған білім беру» бағытының «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ іске асыру мақсатында атқарылған жұмыстар**









18.01.2024 жылы мектеп психологы Саркина Ж және Қуандық М ұйымдастырумен 6-сыныптар арасында «Өзіңді және басқаларды құрметтеуді үйренеміз» тақырыбы аясында «Дос және достық» психологиялық қолдау тренингін өткізді. Тренингке 6 «З», «Ғ», «Г» қатысты. Тренинг барысында "Сағат", "иә және жоқ" нейрогимнастикалық жаттығуларды орындады. Оқушылар жаттығулар барысында ашылып, көңіл-күйлері көтеріліп, бір- біріне жақындай түсті.Тренинг соңында






рефлекция жасалынды, өз мақсатына жетті.

- ❖
- ❖ Ағылшын тілінің бірлестігінің ұйымдастыруымен видеоролик жариялау шарасы өтті. Оқушылар заман ағымына сай ақпарат құралдары мен мобилографияны қосып, әлеуметтік желілерге ###Love your country and respect it's traditions хештегімен видеоролик, рилс, шортс жарияланды. Оқушылар өз елін құрметтеп, мақтан тұтып, тарихи орындарымызды, туристтік аймақтарымызды ағылшын тілінде таныстырды. Туған жеріне деген тағзымын білдірді.Оқушылардың бойына құрмет сезімін қалыптсатыра отырып, туған елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін, тілі мен дәстүрін, тарихымыз бен ұрпаққа мирас болған ұлттық құндылықтарымызды сіңіріп, құрметпен карауға тәрбиелеудегі бірден бір тиімді құралдардың бірі болды.





- ❖ Ата-анамен бала арасындағы қарым- қатынасты нығайту, құрметтеу мен сыйластықты ұштастыру үшін «Алдымен сүй, құрметте Ата-ананды» тақырыбында 10 сыныптың қыз балалары мен олардың ата-аналарына орыс тілінің бірлестігі мұғалімдерінің ұйымдастыруымен дөңгелек үстелді өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар өз ойларымен бөлісіп, отбасымен байланысты қызықты сәттерді айтып, сырласып та отырды. Сондай-ақ берілген ситуациялық сұрақтар мен мәселелердің дұрыс шешімін таба алды. Ұлы Абай атамыз 38–қара сөзінде ; «Қашан баланың ғылым білімге махаббаты оянғанда ол адам бола бастайды.Оның адам болғанына 3 түрлі нәрсе себеп болады. Бірінші жақсы ата-ана, екінші

# «Құндылықтарға бағытталған білім беру» бағытының «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ іске асыру мақсатында атқарылған жұмыстар

жақсы ұстаз, үшінші -жақсы құрбы –құрдас», -деген екен. Сондықтан да, әр бала үшін ата-анасының орны ерекше.






- Айлықтың жоспары бойынша информатика пәндерінің мұғалімдері «Менің Отаным Қазақстан» тақырыбында графикалық суреттер салғызып, кабинет жанындағы қабырға стендіне іліп, шағын сурет көрмесін ұйымдастырды. 5-6 сынып оқушылары «Менің Отаным Қазақстан» атты информатика пән мұғалімдерінің қадағалауымен компьютерлік графикалық редактау арқылы суреттер салды. Іс-шараға 5 Б, 5 В ,5 Ғ, 5Д, 6 Г, 6Д, 6 Ж сыныптары белсенді қатысты. Информатика сабағынан беретін мұғалімдері: Рахметолла Айнұр, Қабулқайт Ғибадат, Данияров Нұржан.




- Қазақ халқының ұлттық санасының ерекшелігі – туып-өскен жері, өнген ортасын кие тұтып, оның қадір-қасиетін бағалауымен құнды. Аталарымыз «Туған жер – тұғырың, туған ел – қыдырың» деп бекер айтпаған. Туған жер мен елдің халық санасына сіңген рухани құндылығының ұлттың қалыптасуында, дамуында айрықша рөлі бар. Осы ретте Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицей білім алушылары жалпыхалықтық құндылықтарды құрметтеуге, туып-өскен жері, өнген ортасын кие тұтып, оның қадір-қасиетін бағалау мақсатында өткен шарада өлкеміздің қасиетті жерлері мен нысандарын анықтап, насихатады. Бүгінгі жаңа заман ұрпағы, туған жер, елін сүйер жас буынды ұлтжан-дылыққа, елжандылыққа тәрбиелеу, туған өлке тарихын, табиғатын танытуды мұнаралы мұратымыз. 7 сыныптар арасында «Туған жерлерге саяхат» Киелі Қазақстан!!! фотоконкурс ұйымдастырылып, әр сынып облыстар бойынша киелі жерлерге фотоколлаж жасап қорғады.





- 26.01.2024 ж. «Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу» бірыңғай ашық есік күні аясында "Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі» атты іс-шара өтті. Іс-шараға 10 «Ғ» сыныбының ата-аналары Әбіқұл Мөлдір Бейімбетқызы және Кыдыралиева Айгүл Аманжоловна қатысты. Аналар қыздарымызға деген ақыл-кеңесін, өсиеттерімен қоса, қазақ халқы қыз баланы қалай тәрбиелегені және ардақтап өсіргені жайлы айта кетті. Бұл іс-шара ерекше қыздар арасындағы сырласу кешіндей болды. Ұлы Абай атамыз «Ары бар, ақылы бар, ұяты бар ата-ананың қызынан қапы қалма» деген екен. Келешекте ұлттық салт-дәстүрлермен тәрбиеленген қыздар ел қорғайтын ұлтжанды жас ұрпақты тәрбиелей алатынына біз сенімдіміз.



# «Құндылықтарға бағытталған білім беру» бағытының «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ іске асыру мақсатында атқарылған жұмыстар

- 26.01.2024 ж. «Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу» бірыңғай ашық есік күні аясында "Әке бәйтерегім, ұлым мұрагерім» тақырыбында 10 В және 10 Г сыныптың ер балалары мен әкелер арасында тренинг өтті. Шараға әр сыныптан 4 әке мен ер балаларымыз қатысты. Ортақ тақырыптар мен актив-жаттығулар орындалды. Әкелер ер бала тәрбиесінде кездесетін мәселер бойынша және қазіргі қоғамда жиі кездесетін жағдаяттарға байланысты ой қозғап, ақыл-кеңестерімен бөлісті. Әлихан Бөкейхан атамыз «Ұлтқа қызмет білімнен емес мінезден» деген екен. Келешекте ел іргесін ұстар азаматтарымыздың бойына асыл қасиеттерді сіңіріп, елін қорғайтын ұлтжанды жас ұрпақ тәрбиеленуде.








Қаңтар айының 12- күні жоспар бойынша 4- сыныптар арасында «Жүз бір жұмбақ, мың бір мақал» атты интеллектуалдық сайыс ұйымдастырылды. Сайыстың мақсаты: Мақал - мәтел – тәрбиелік мәні зор, рухани байлық туралы мағлұмат беру. Білімдерін жүйеге келтіріп пысықтау, мақал – мәтелдерді орынды қолдану дағдыларын қалыптастыру. Тіл – қай ұлтта қай елде болса да құдіретті, қастерлі. Ана тілімізді дамытып, оқушылардың қызығушылықтарын арттыру. Ойлау, есте сақтау, ой түйіндеу, ауыз екі сөйлеу, ой – өрісін кеңейту. Шешендік сөйлеуге, сөз астарын мағыналы түрде сипаттап көрсету, салауаттылыққа тәрбиелеу.
Мақал –мәтел – ата бабамыздан қалған өшпес мұра. Көлемі жағынан шағын болғанмен, мағынасы терең, құны қымбат қазына.
Сайысқа 4- сыныптар арасынан 4 оқушы қатысты. 4 «В», «Е», «Ғ» «Д»
Сайыс 6- кезеңнен тұрды.
1 -кезең Кім көп біледі?
2- кезең Жалғасын тап
3- кезең Кім тапқыр?
4- кезең Мағынаны түсіндір
5- Кезең даналық ойдан дән ізде
6- кезең Сөз тапқанға
Балалар белсенділік танытты жеңіске 3- оқушы, марапатталды





# «Құндылықтарға бағытталған білім беру» бағытының «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ іске асыру мақсатында атқарылған жұмыстар

«Бекітемін»
Әлихан Бөкейхан атындағы
№76 мектеп-лицей директоры
_________ Б.Б.Сейдеш
«_01_» _ақпан_ 2024 жыл

**«Құндылыққа негізделген білім» жобасы**
**Ақпан айындағы «Кемелдену» құндылығы айлығының іс-шаралар жоспары**
*01.02.2024-29.02.2024 жыл*

| № | Тақырыбы | сыныптар | Жұмыс түрі | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Адамның ең басты мақсаты – кемелдену, жетілу» | 10 сынып | Таныстырылым | 01.02.2024 | Қонақбай Д.Т. |
| 2 | «Book Guiz» | 3 сыныптар | Сынып сағаттары | 01.02.2024-09.02.2024 | Сынып жетекшілер Абдирова Л.А. Аманжолова А.Т. |
| 3 | «Role Play» | 4 сыныптар | Сынып сағаты | 01.02.2024-09.02.2024 | Сынып жетекшілер Абдирова Л.А. Сейтхан Л. |
| 4 | «Ертөстік» | 5 сыныптар | READx | 12.02.2024-16.02.2024 | Садакбаева А.К. |
| 5 | «Батыр Баян» | 6 сыныптар | Кітап талдауы | 12.02.2024-16.02.2024 | Жаукумова А |
| 6 | «Мен оқыған бір кітап» | 7 сыныптар | READx | 19.02.2024-23.02.2024 | Исина М.С. |
| 7 | «Әлихан Бөкейхан кім?» | 9 сыныптар | Дөңгелек үстел | 12.02.2024-16.02.2024 | Шаяхметова Қ.Ж |
| 8 | «Кәсіби кемелдену- болашақтың талабы» | 11-сыныптар | Психологиялық тренинг | 19.02.2024-23.02.2024 | Саркина Ж. |
| 9 | «Әдеби джем» | 8-сыныптар | КВЕСТ ойын | 01.02.2024-23.02.2024 | Мектеп кітапханашысы Искаков М.Р. |
| 10 | «Менің сүйікті жазушым» | 10-сыныптар | Әдеби вернисаж | 26.02.2024-29.02.2024 | Әшім Ұ. Қонақбай Д.Т. |
| 11 | «Әкем оқыған – кітап, Анам оқыған – кітап» | 1-10-сыныптар | Буккроссинг | 01.02.2024-29.02.2024 | Сынып жетекшілер Ляззатова А.М. |
| 12 | «Ең жақсы университет» | 11-сыныптар | Ой бөлісу, қорғау | 26.02.2024-29.02.2024 | Сугирова А.Ж Баяхметова Ш.О. |
| 13 | Кейіпкер менің айнам, кітап-айналам! | 8-9 сыныптар | Видеоролик жариялау | 01.02.2024-29.02.2024 | Сынып жетекшілер Қоланов М.М. Жаңабергенова Г.А |
| 14 | «Рухани кемелдену- бейбіт күннің кепілі» | 10-11 сыныптар | Театр, киноға бару | 01.02.2024-29.02.2024 | Сынып жетекшілер |